

*«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

*2021-2022 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық  
талдау қорытындысы.*

*Әлеуметтік педагог: Куптлеуова Г.А.*

*2021-2022 оқу жыл*

## 2021-2022 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың жылдық талдау қорытындысы.

### Мектептегі әлеуметтік педагог қызметінің жұмысы

Жоспар төмендегі бағыттарды қамтиды:

1. Жанұяның тіршілік ортасын зерттеу
2. Әлеуметтік педагог және ұжым
3. Әлеуметтік педагог және оқушы
4. Мектеп жанындағы лагерьдің жұмысы
5. Профилактикалық жұмыс

Әр бағытқа орай жеке жоспар құрылып, жұмыстар жүргізілді.

#### 1. Жанұяның тіршілік ортасын зерттеу

2021-2022 оқу жылындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қамқоршылықтағы, білім мекемелерінде оқитын балалар жөнінде мәлімет

| Қамқоршылықтағы, білім мекемелерінде оқитын балалар |         |       |      |                         |                             |         |       |                       |         |       |                      |            |            |         |                    |              |   |
|-----------------------------------------------------|---------|-------|------|-------------------------|-----------------------------|---------|-------|-----------------------|---------|-------|----------------------|------------|------------|---------|--------------------|--------------|---|
| №                                                   | Ұйымдар |       |      | Мектепке дейінгі мекеме | Жалпы білім беру мекемелері |         |       |                       |         |       | Кәсіптік мекемелерде | Орта білім | Жоғары оқу | Еңбекке | Арнайы мектептерде | Оқымайтындар |   |
|                                                     |         |       |      |                         | Қорғаншылық қарауында       |         |       | Қамқоршылық қарауында |         |       |                      |            |            |         |                    |              |   |
|                                                     | Барлығы | жетім | ААҚҚ | жетім                   | ААҚҚ                        | Барлығы | жетім | ААҚҚ                  | Барлығы | жетім | ААҚҚ                 |            |            |         |                    |              |   |
|                                                     | 1       | 1     | -    | 0                       | 0                           | -       | 1     | -                     | 1       | 1     |                      |            | 1          | -       | -                  | -            | - |

Мектепте барлығы 1-жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушы жоқ: Олар:

| № | Аты-жөні                 | Туған жылы | класс | статусы |
|---|--------------------------|------------|-------|---------|
| 1 | Есентай Загир Есентайұлы | 29.05.2011 | 4А    | Жетім   |

Баланы тәрбиеге алған соң, тәрбиешілердің отбасы мүшелеріне және тәрбиеге алған балаға әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек көрсетіледі. Сол бойынша біз отбасы мүшелерімен тығыз байланыста болып, жеке сұхбаттар жүргізіп, баланың білім алуға, тәрбиеленуге қандай мүмкіндігі бар екенін қадағалап, отбасының шешімін жүзеге асыруға көмектесіп қол ұшын береміз.

2021-2022 оқу жылындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтылған отбасындағы оқушылармен көптеген жұмыстар жүргізілді.



Қамқоршы ата-аналардың үйіне барып, баланың жағдайын зерттеу арқылы акт құрылды. Құрылған актінің нәтижесі бойынша қамқоршылық және патронаттық тәрбиедегі білім алушылардың үйлері гигиеналық жағынан таза. Әр зат өз орындарында тұр. Тұрмыстық жағдайға керекті заттардың бәрі бар. Қамқоршылары балаларға жақсы қарайды. Уақытында есептерін тапсырып тұрады. Мектептен көмектер көрсетіліп, киім, оқу құралдары беріледі. Сабақтарын жақсы оқиды. Сабақтан кешікпейді, себепсіз қалмайды.

Мектебіміздегі жетім, баланың қамқоршысымен бос уақытын дұрыс ұйымдастыра білу, денсаулығы туралы анықтамалар алынды, мінездемелері жинақталды. Қамқоршысы мен қорғаншы арасындағы қарым-қатынас зерттелінді. Әр білім алушының 6 ай сайын құжаттары реттестіріліп, жинақталды. Мінездеме, денсаулығы туралы анықтама, қамқоршыларының есептері, үй кезегіндегінің нешінші болып өзгергенін анықтайтын корешок, ГЦВП-дан жәрдем ақы алатындағын растайтын құжаттар алынды. Жилстройсбербанктен ашылған есепшоттары қадағаланып, ай сайын толықтырылуы қадағаланды.

## 2. Әлеуметтік педагог және ұжым

| оқу жылы   | Барлық оқушы | Көп балалы отбасы | Аз қамтылған отбасы | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған | Толық емес отбасы   |                     | Өгей ата-анасында тәрбиеленетін | Некесіз туған оқушылар | Мүгедек оқушылар саны | Мүгедек ата-ана саны | Өге ұлт өкілдері | Сәтсіз жаңуа      |
|------------|--------------|-------------------|---------------------|-----------------------------------------------|---------------------|---------------------|---------------------------------|------------------------|-----------------------|----------------------|------------------|-------------------|
|            |              |                   |                     |                                               | анасымен тұратындар | әкесімен тұратындар |                                 |                        |                       |                      |                  |                   |
| 2021-2022ж | 344          | 63                | 13                  | 1                                             | 13                  |                     | 4                               | 12                     | 1                     | 5                    | 2                | 1отбасы (3 бала ) |
|            |              |                   |                     |                                               | 16                  | 3                   |                                 |                        |                       |                      |                  |                   |

2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша барлық оқушы саны 344 бала.

Оқу жылының басында оқушылардың әлеуметтік жағдайын анықтау мақсатында мектепшілік комиссия құрылып (Бұйрық №611, 28.08.2018) зерттеулер өткізіп, мектептің әлеуметтік паспорт жасалынды. Көп балалы отбасында тәрбие алып жатқан- **63** оқушы, аз қамтылған отбасында -**13** оқушы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – **1**, толық емес отбасынан-**6** оқушы, АӘК алатын-**3** оқушы, анықталды. Жоспар бойынша осы категорияға кіретін оқушылармен жұмыс жасалып, жүргізілді.

Жоспар бойынша жылына 3 рет қамқоршы ата-аналардың үйіне барып, баланың тұрмыстық жағдайы зерттелді. Сонымен қатар көп балалы және аз қамтылған отбасындағы оқушыларға әлеуметтік жағдайын зерттеу мақсатында класс жетекшілер мен әлеуметтік

педагогтар үйлеріне барып, зерттеулер жүргізілді. Тексеріс барысында қамқоршылары балаларға жақсы қарайтындықтары байқалды, ал көп балалы және аз қамтылған отбасындағы балалардың жағдайы әр түрлі, сондықтан көмек қажет ететін оқушыларға Қамқорлық кеңесінің мүшелерімен бірігіп қолдау жасап, көмек көрсетілді. Мектепішілік есептегі, өгей ата-анасында тәрбиеленіп отырған білім алушылардың отбасын бақылау мақсатында рейд жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылып қорытындыланды.

### 3 Әлеуметтік педагог және оқушы

Мектепте тамыз айының 29 жұлдызында бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

Маусым айында 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындап, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде оқу жылы бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-сі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен 2020 жылдан бері «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді. Акция барысында тамыз айынан бастап жетім, ата-анасы қамқорлығынсыз қалған, көп балалы, аз қамтылған отбасындағы 24 оқушыға киім- кешек, оқу құралдар, мектеп формасы, сөмке ретінде .

ЖББҚ-нан аз қамтылған, көп балалы, жетім және қамқорлықтағы оқушылар киім- кешекпен қамтамасыз етілді.

| Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар | Көп балалы, аз қамтылған отбасы оқушылары | Жетім, ААҚК |
|-----------------------------------------|-------------------------------------------|-------------|
| 3                                       | 20                                        | 1           |
| Барлығы 24 оқушы                        |                                           |             |

Әр оқушыға мектеп сөмкесі, дәптер, қалың дәптер, қаламсап, қарындаш, краска, өшіргіш, сызғыш, дәптер қап, қалам сауыт және спорттық киім берілді. Барлығы 24 оқушыға спорттық киім, оқу құралдары берілді. Қараша айында 3 оқушыға қысқы киім берілді.

«Президент шыршасына» мектебімізден көп балалы отбасынан 4 «А» класс оқушысы Зайлаш Жанэль көп балалы отбасы бойынша барып самокат, Жаңа жылдық тәттілер алып, керемет көңіл күйде тарады.

Қала әкімінің шыршасына атаулы әлеуметтік көмек алатын 6 оқушы сұранысқа берілді, бірақ карантиндік талаптарына байланысты оқушыларға сыйлықтары мектептен ата-аналары арқылы жеткізілді. Олар: Айжарық Еркеназ 3 «Ә» класс, Айжарық Бейбарыс 7 «Ә» класс, Айжарық Аякоз 5 «Ә» класс, Тама Мерей 3 «Ә» класс, Есентай Зангир 4 «А»



класс, Алиева Жансая 8 «А» класс оқушылары үйден оқыту, жетім, аз қамтылған, көп балалы отбасы оқушылары. Аталған оқушыларға Жаңа жылдық тәтті сыйлықтар таратып жақсы көңіл-күй сыйлады.

Мектептің қамқоршылық кеңес мүшелері ерекше білімді қажет ететін, көп балалы, аз қамтылған отбасы білім алушыларға ерекше құттықтаулар ұйымдастырып, жаңа жылдық сыйлықтар таратылды. Барлығы 23 білім алушы сыйлықпен қамтылды. Қстаубаевалар, Төлеухан, Тұрсынбектер отбасына азық-түлік беріліп, мереке қарсаңында білім алушыларға жақсы көңіл-күй сыйлады.

#### **Ыстық тамақпен қамту туралы:**

2021жылдың тамыз айынан бастап жетім, көп балалы, ата-анасы қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасындағы білім алушылардан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына сәйкес мектеп асханасында ұйымдастырылатын ыстық тамаққа 24 оқушыдан құжат қабылданды. Соның ішінде АӘК алатын- 3 оқушы, күнкөріс деңгейі бойынша-8 оқушы, білім беру ұйымының алқалы органы шешімі бойынша - 12 оқушы, жетім, -1 оқушыдан құжаттары жинақталып, ыстық тамақпен қамтылды.

Жыл басында мектеп асханасының жұмысын бақылау мақсатында комиссия мүшелері бекітіліп, жоспар құрылып жұмыстар жүргізілді.

18-22 қараша 2021 жыл аралығында «Ас адамның арқауы» тақырыбында тамақтану апталығы ұйымдастырылды. Класс жетекшілер, қазақ тілі, биология пәні мұғалімдері, мектеп медбикесімен бірлесіп жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде жүргізілді.

#### **Қайырымдылық акциялары:**

Ораза айын қарсаңында мектеп директорының атынан 23 оқушылардың ата-аналарына азық-түлік салынған қалталар көмек берілді. 15000 теңгеден екі отбасыға, оның ішінде жетім Есентай Зангирдің, үйден оқытылатын Алиева Жансаяға көмек көрсетілді.

1. 1-маусым «Халықаралық балаларды қорғау» күніне орай мектебіміздегі аз қамтылған, көп балалы отбасы оқушыларына мерекелік шара ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі ойындар ойнап, сыйлықтар алып, 150 оқушыға балмұздақ таратылды. Мектепіміздің жастары түрлі кейіпкерлер болып киініп оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлауға тырысты. Шара жоғарғы деңгейде өтті.

### **Қортынды**

2021-2022 оқу жылы жоспарланған іс-шаралар талапқа сай өткізілді. Мұғалімдерден, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата-аналардан берілген ақшалай, азық-түлік ретінде көмектер қажет ететін отбасы балаларына жеткізіліп отырды.

Қамқоршы ата-аналары ай сайын балаларға бөлінген қаражатқа қандай зат алынғандығы туралы есебін беріп отырды. Тапсырылған қорытынды жинақталып қалалық білім бөліміне есебі тапсырылды. Осы жетім оқушылар үй кезегі қатарына есепке қойылған. Жалпы оқушылардың құжаттары талапқа сай жинақталған. Оқушылардың сабақ үлгерімдері жақсы, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

### **Ұсыныстар:**


1. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршы ата-аналары оқушылардың арнаулы есеп шоттарын жүйелі түрде толықтырса;
2. Аз қамтылған, көп балалы отбасындағы оқушыларды әлеуметтік жағдайына қарай қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірігіп қолдау жасап, көмек көрсетуді жалғастыру.
3. Әлеуметтік санаттағы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды жоспарлау.



Орта білім беру ұйымдарында оқушыларға тамақтануды ұйымдастыруды  
жүзеге асыру барысында комиссия құрылды



«Мектепке жол» қайырымдылық акциясымен оқушылар мектеп сөмкесі және оқу құрал-жабдықтарын алды





Үйден оқытылатын оқушы Алиева Жансая 8 класс оқушысы



2022 жаңа жылдық сыйлықтар беру сәті 3 класс оқушысы Тама Мерей





8 а класс оқушысы Алиева Жансаяның үйіне барып сыйлық таратқан сәт.



4 класс оқушысы Есентай Заңгирдің үйінде

